

**6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Жабықбаева Динара Маратовнаның «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшісінің**

## **ПІКІРІ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстанның «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиясы негізінде Қазақстанның жастарды азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеудің бағыт-бағдары мен мақсат, міндеттерін отандық түрлі ғылым саласындағы ғалымдар карастырады. Бұны мемлекеттік саясат пен идеологияның жаңа парадигмасы ретінде біріктіруші рухани-саяси фактор тұрғысынан басшылыққа алу екендігі өмірлік тәжірибеден орын алуша. Оның пайда болуы мен орнығуы Қазақстан Тәуелсіздігінің берік болуы және нығаюымен байланысты тығыз байланыстыру заманауи талап.

Бұл бағыттағы көзқарастық ұстаным Қазақстан халқының бірлігі дикторинасында өзінің терең мағынасына ие болды, онда: «Бұл біздің ұлы мақсатымыз – өзінің этникалық шығу тегіне қарамастан, топтасып, ұлы ұлт болу, біздің ұрпақтарымызға өздігіміздегі ең қымбат – егеменді және тәуелсіз мемлекетті сактап, тапсыру». Бұл дегеніміз, әрбір азамат қоғам және мемлекет, халық пен болашак ұрпақ алдындағы өз жауапкершілігін сезіну және бүкіл азаматтардың хабардар болуын қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шаралар біртұтастыры мен Отаны – Қазақстан Республикасымен терең байланысы бар халықтар және олардың бірлігі.

Қазақстан ұлтының біртұтастыры мен бірлігінің негізгі қағидаты болып ұлт рухын біріктіруші және нығайтушы бастау ретінде нығайту мен дамыту белгіленді. Рухани бастама - бұл ұлтты біртұтастыққа біріктіретін және мемлекеттіліктің келешек даму жолының жарқын болуын көздейтін ұзак мерзімді мақсат пен мұрат. Бұл тарих пен біздің тағдырымыздың басты қозғаушы күші және қоғамдағы кез-келген адамның сыртқы келбетінің бірегейлігін анықтайтын ұлт рухы бағыт беріп, дамуға серпін беретін бағдар. Ұлттық рухымызды көтеру үшін басты басымдықтар – азаматтықтың негізін қалайтын мәдени құндылықтар, дәстүрлер мен патриотизм рухы, жаңау рухы, бәсекелестік пен Женіс рухы; дәстүрлі құндылықтарға сүйену /тіл мен мәдениетке құрмет, адамгершілік, отбасы, ұрпақтар байланысы, патриотизм және достық пен татулық/ қоғамның рухани өзегі ретінде бағалау, қабылдау.

Сондықтан қазіргі Қазақстан жастарының азаматтыры мен патриоттық сана, сезім, түсініктері жоғары болуын заманауи талап ретінде қабылдан, түсіну қажет. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеологиясы негізінде жастардың қоғамға, мемлекетке, ұлтқа деген сенім жауапкершілігін берік бекітіп, Отансүйгіштік пен ұлтжандылық бағыттагы тәрбиесін дамыту қажеттілігі күн санап өсіп келеді. Оқушы жастардың қоғамдық санасын қазіргі идеология бағытында қалыптастырып, дамыту бағытында олардың зияткерлігінің дамуын, тәрбиесінің толық болуын қамтамасыз ету мақсатын

ғылыми педагогикалық бағытта орындалған диссертанттың зерттеу жұмысының тақырыбы көкейкесті болып табылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысында жастардың азаматтық пен патриоттық тәрбиесінің дамуына байланысты отандық философтар Нысанбаев А., Кадыржанов Р., Асланова Р.А., Молдабеков Ж., Назарбаев Н.А. т.б ғылыми көзқарастары негізінде ғылыми еңбектер жазса, «Мәңгілік Ел» үлттық идеясы аясында білімгер жастарды азаматтық пен патриоттық тәрбиелеу бағытындағы тұжырымдамалық ой мәселесі бойынша: Пралиев С.Ж., Нарибаев К.Н., К.К.Жампейсова, С.Т.Иманбаева, Хан Н.Н., Молдабеков Ж.Ж., М.К. Койгельдиев, Г.В.Кан, Калиева С.И. Қазақстандық патриотизмді жүзеге асыру жайында педагог-психологтар Муналбаева У.Д., Тесленко А.Н., Калимoldаева А.К., Бейсенбаева А.А., Дүйсенбаев А.К., Джанабаева Р.А., Карпықбаева А.О. және Ресейлік ғалымдар: Котруца Л.И., Быков А.К., Наумов С. Ю., Чернышко Н. Я., Молокова М.А., Белошапка Г.И., Петрич О. И., т.б. өздерінің ғылыми зерттеулерінде жастардың қозғалыстары мен олардың азаматтық пен отансүйгіштік қасиеттерін дамыту мәселелері жайында қарстырылған. Ғалымдардың ғылыми еңбектері қарастырылып, талдаулар жасалынып және осы негізден қазіргі тәрбие берудің бағыт-бағдары бойынша Қазақстан жастарының азаматтық пен патриоттық түсініктерінің даму мәселесін жаңашыл теориялық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарауына алып келген. Яғни, Д.М. Жабықбаевың «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға байланысты көкейкестілігін анықтап береді.

### **1. Нәтижелердің дұрыстығы мен негізделу деңгейі.**

Зерттеу нәтижелері әдіснамалық және ғылыми - әдістемелік негіздерді басшылыққа ала отырып айқындалған теориялық дәйектілігімен, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданылуымен, зерттеу жұмысының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, 10,11-сынып оқушылары мен колледже білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік ел» үлттық идеясы негізінде дамытуды педагогикалық шарттарына негізделген модельдің жасалып, «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламаның педагогикалық тәжірибеде пайдалану әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік -эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруінің нәтижесі жалпы тәрбие үрдістеріне енгізілуімен қамтамасыз етілуі негізделіп және олардың нәтижелерінің негізделу деңгейінің дұрыстығын береді.

### **2. Нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы.**

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық, теориялық жүйесінің тұжырымдық дұрыстығы - зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін мектептің бастауыш, орта білім беретін, жоғары сыныптарында, колледждерде және ЖОО-да болашақ педагог мамандарды даярлауда Қазақстандық жастардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мен патриоттық тәрбиесін дамытудағы педагогикалық үрдістерде пайдалануға болады. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыстың нәтижелері теориялық және тәжірибелік мүмкіндігін мүғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің тәрбие үдерісін жетілдіру максатында

колданыска енгізуге болады.

### **3. Диссертациялық жұмыстың жаңалығы.**

- «Мәңгілік ел» идеясы аясында 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың теориялық негізі айқындалғандығымен;
- «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламасы 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың педагогикалық тәжірибесінде пайдалануда азаматтық бірегейлігі мен патриоттық тәрбиесін дамытуда мүмкіндіктерін анықтағандығымен;
- «Мәңгілік ел» идеясы негізінде тәрбиені дамытуды педагогикалық шарттарын беріп, мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледже білім алушы жастардың азаматтық пен патриоттық түсініктерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, ұсынылғандығымен;
- «Мәңгілік Ел» идеясы аясында 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқушы жастардың азаматтық пен патриоттық тәрбиесін дамытуға бағытталған авторлық «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасының тиімділігін негіздеуегі бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізілгендей дәлелді.

### **4. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеу бойынша кемшіліктөр.**

Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына қатысты теориялық және әдістемелік мәселелер толық қамтылған және зерттеу жұмысына қойылатын барлық талаптар орындалып, сақталып жазылған ғылыми жұмыс. Ғылыми мазмұндылығы мен техникалық талаптарды толық сақтаған.

### **5. Диссертацияның ғылыми білікті жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкестігі.**

Д.М. Жабықбаевың «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысын зерттеудің көкейкестілігінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелерін айқындаумен, мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледже білім алушы жастардың азаматтық пен патриоттық түсініктерін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынып, зерттеудегі басты идеяның берік болуын тәжірибелік жолмен негізден беруінде.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу барысында 11 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 2 Scopus деректер корына енетін жарияланымда, 3 мақала ҚР БжФМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 6 мақала ҚР ұйымдастырылған және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрді:

### **6. Диссертацияны қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы ұсыныс.**

Жабықбаева Динара Маратовнаның 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу

үшін ұсынылған «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы дербес орындалған, толығымен аяқталған, диссертациялық ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп қорытынды жасаймын. Ал, Жабықбаева Динара Маратовнаның 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кенесінде  
п.ғ.д., профессор  
**I. Жансұғиров атында**  
Жетісу университеті



К.Т. Ұбыраимжанов